

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық Кеңесінің үкімет басшылары денгейіндегі он екінші мәжілісін дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 54-ө Өкімі

2005 жылғы 23 - 25 наурыз кезеңінде Астана қаласында Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық Кеңесінің үкімет басшылары денгейіндегі он екінші мәжілісін (бұдан әрі - мәжіліс) дайындау және өткізу үшін:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мәжілісті дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):

1-қосымшаға сәйкес Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы делегацияларының (бұдан әрі - делегациялар) мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2005 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен мәжілісті өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) делегациялар мүшелерінің Астана қаласының әуежайындағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, делегациялардың басшылары арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағын және жанаармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мәжілісінің бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі делегацияларды қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, Астана қаласының әуежайы мен көшелерінің безендірілуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Респубикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында делегациялардың басшыларын күтіп алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми қабылдаулар кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырын.

8. Делегацияларға қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында оларға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының министрліктері бекітіліп берілсін.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

2005 жылғы 17 наурыздады

N 54-өкіміне

1-қосымша

Делегациялар мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Ресми делегациялар мүшелерін 1+6 форматы бойынша Астана қаласының қонақ үйлеріне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін делегациялардың басшылары орналасқан жерлерге орналастыру.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, делегациялар басшыларының қатысуымен екі жақты кездесулер, сондай-ақ шағын және кеңейтілген құрамдағы мәжілістер өткізу үшін залдарды жалға алу.

4. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рүқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

5. Делегациялардың басшылары үшін сыйлықтар және кәдесыйлар сатып алу.

6. Делегацияларды Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

7. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д.К.Ахметовтың атынан ресми қабылдаулар ұйымдастыру ("Ла Ривьера" мейрамханасы және "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйі).

8. Ресми делегациялар мүшелеріне және олармен бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

2005 жылғы 17 наурыздағы

N 54 - е өкіміне

2-қосымша

**Қазақстан Республикасының министрліктерін
делегацияларға бекітіп беру**

Беларусь Республикасы	Каржы министрлігі (А.Ф. Дунаев)
Қырғыз Республикасы	Ауыл шаруашылығы министрлігі (С.Ә. Үмбетов)
Ресей Федерациясы	Көлік және коммуникация министрлігі (Қ.Ы. Нагманов)
Тәжікстан Республикасы	Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі (В.С. Школьник)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК